

Кеңес заманында Шымкенттегі ең ірі металлургиялық өндірістердің бірі және тұңғышы - Шымкент қорғасын зауыты жұмыс жасағаны белгілі.

Шымкент қорғасын зауыты өткен ғасырдың 1932 – 33 жылдары іргесі салынып, 1934 жылдан өнім бере бастады. Бұл зауыт өзінің металды қорғасын өндіру бойынша қуаттылығымен КСРО-да бірінші, ал әлемде екінші орын алатын. Кәсіпорынның Ұлы Отан соғысында жеңіске қосқан үлесі айрықша маңызға ие, мәселен, жауға қарсы атылған әрбір он оқтың жетеуі Шымкентте балқытылып алынған қорғасыннан құйылды.

1934 жылдың 20 қаңтарында бірінші қорғасын шығарылды. Жаңадан жұмыс істей бастаған Шымкенттегі

Тарихи Шымкент қорғасын зауытының құрметті ардагері, ұлағатты ұстаз

гиясындағы негізгі шикізат - сульфидті флотациялық концентраттар болып белгіленген. Зауытқа керекті шикізаттың 80-85%-ы Ащысай, Мирғалимсай, Байжансай, Алмалық (Өзбекстан) полиметалл кен орындарының байытылған сульфидті концентраттарынан дайындалды. Жоғарыда көрсетілген алапат қорғасын мөлшерін өндіру мақсатында

қорғасын суригі, 12 мың тн. мырыш сульфаты және 300 мың тн. күкірт қышқыл және т.б. өнім өндірілді.

Осындай көрсеткіштердің ауқымдылығының себебі, өндіріске жоғары оқу орындарын бітірген мамандар үздіксіз тартылып, зауыттағы білікті мамандардың жеткілікті болуы. Сол білікті мамандардың бірі 1975 жылы «Қазақстанның Химия-технологиялық институтын» бітіріп келген жас маман - Махамбетов Қалықұл Аярбекұлы.

Алғашқыда маман ретінде бақылау бөлімінде жұмыс атқарып, мастерлікке дейін көтерілді. Еңбекқор және білікті маман екенін байқаған өндіріс басшылығы, Қалықұл Аярбекұлын КИП бөліміне шеберлігін шыңдауға жібереді, одан ары Ақпараттық есептеу орталығын басқару жүктелді.

1990 жылы өз білімін шыңдап, атқарылған ғылыми жұмыстарының нәтижесі арқасында техника ғылымдарының кандидаты академиялық дәрежесіне қол жеткізеді. Сол кезеңдерде оған қиын да жауапты - зауыттың бас инженері қызметі жүктелді.

5000 - нан астам жұмысшысы мен қызметкерлері, зауыт құрамында бірнеше жеке өндірістері бар және де өнеркәсіптердің тоқырауы шегіне жетіп тұрған кезеңде, бас инженер үшін, атқаратын жұмысы айтарлықтай қиын болатын.

Үздіксіз өндірісте орын алатын кез-келген технологиялық мәселердің

түйінін сараптап, күн-түн демей шапқылап, шешімін тауып жұмысты тоқтатпай жүргізіп отырды. Өз ісін жақсы меңгерген мықты маман ретінде ол кісінің Шымкент қорғасын зауытының дамуына қосқан үлесін айта берсек таусылмайды.


Көп жылдық металлургия саласында тәжірибесі бар білікті маман ретінде, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің, «Металлургия» кафедрасына шәкірттерді даярлауға шақыру алды. Доцент, техника ғылымдарының кандидаты Қалықұл Аярбекұлы, кезіргі таңда металлургия саласының болашақ мамандарын даярлауда, өзінің тәжірибесімен бөлісуді мақсат тұтып еңбек етуде.

Мемлекеттің, ел экономикасын дамытудың индустрияландыру стратегиясына сәйкес, өңірде металлургиялық зауыттар ашылып жатыр. Осы орайда Түркістан облысындағы жұмыс атқарып жатқан металлургия өнеркәсіптері, Қалықұл Аярбекұлының көп жылдық тәжірибесіне сүйеніп, кеңес алып отырады.

Келешек өскелең жастарды тәрбиелеуде, металлургия мамандарын даярлауда ерленбей еңбек етіп жүрген, аты тарихта қалған Шымкент қорғасын зауытының құрметті ардагері - Қалықұл Аярбекұлына зор-денсаулық, қажымас қайрат тілейміз.

**Қ.ПОЛАТОВА,
Р.ЕСМУРЗАЕВА,**

**М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Металлургия» кафедрасының
аға оқытушылары.**



қорғасын зауыты бүкіл Кеңес Одағындағы қорғасын зауыттарынан 2 есе көп өнім беретін. ШҚЗ 1937 жылы КСРО-ның қорғасын өндірісінің 75,3 пайызын өндірді. 1939 жылдың 26 сәуірінде Калинин атындағы ШҚЗ КСРО-ның Жоғарғы Кеңес Президиумының жарлығына сәйкес Ленин орденімен марапатталды. 1939 жылы ШҚЗ Қазақстанның 73,2% КСРО-ның 62,1% қорғасын өнімін шығарды.

Зауытта қорғасын өндіру техноло-

Қазақстан, Орта Азия, Орал байыту фабрикаларында, Иран және тағы да басқа шет елдерінде өндірілетін шикізат – барлығы 20 түрі өндіріске қамтылды.

Шымкент қорғасын зауыты соңғы жылдары жылына 160 мың тоннадан астам С1 және С2 маркалы қорғасын, 72 тонна висмут, 207 кг аммонийлі перренаты (рений), 37,8 кг Доре балқымасындағы алтын, 18,674 тн. Доре балқымасындағы күміс, 380 тн

